

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 11 тамыз N 467-І

1-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ заң құші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша)" 1999 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1), 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) Жағалау сзығы - су қоймасының ең көп мөлшерде көтерілуі (судың толығуы) нәтижесінде пайда болған жағалау сзығы. Жағалау сзығының нақты орналасу орнын белгілеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды;

2-1) Геологиялық бөлу - Жер қойнауын пайдаланушы Барлау жүргізуге құқылы жер қойнауының Участкесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын Контрактінің ажырамас бөлігі болып табылатын Барлауга, бірлескен Барлау мен Өндіруге жасалатын Контрактіге қосымша;

2-2) Тау-кендік бөлу - Жер қойнауын пайдаланушы Барлаумен және (немесе) Өндірумен не Сервитутты жүзеге асырумен байланысты емес Өндіру жүргізуге, жер асты құрылыштарын Салуға құқығы бар жер қойнауының Участкесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын Сервитут ресімделген жағдайда, Өндіруге арналған Контрактіге, бірлескен Барлаумен Өндіруге арналған Контрактіге, Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуға және (немесе) пайдалануға жасалатын Контрактіге, коммерциялық мақсатта Контрактінің ажырамас бөлігі не дербес құжат болып табылатын кең таралған пайдалы қазбаларды Өндіруге жасалатын Контрактіге қосымша;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндіру - Минералды шикізатты уақытша сақтауды қоса алғанда, Жер қойнауынан жер бетіне, сондай-ақ мемлекеттің меншігіндегі Техногенді минералдық түзілімдерден

Пайдалы қазбаларды алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені және технологиялық циклы;";

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өз мұқтаждары үшін өндіру - өндірілген кең тараған пайдалы қазбаларға не жерасты суларына қатысты кейін мәмілелер жасау ниетінсіз, жеке меншіктегі не тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығындағы жер участкесінде жүзеге асырылатын Өндіру;

3-2) Кең таралған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсаттарда өндіру - кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтаждары үшін Өндіруге қатысы жоқ кең таралған пайдалы қазбаларды кез келген өндіру;

3-3) Тенізді ластау - теңіз аясына материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістің келіп түсуі, сондай-ақ адамдардың денсаулығына, теңіздің тірі ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілетті, не теңізде не оның жағалауында занды қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе залал келтіретін не залал келтіруге қабілетті сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда болуы;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

6) Контракт - Құзыретті орган (үекілетті мемлекеттік орган) мен жеке немесе занды тұлғаның (тұлғалардың) арасында Барлау, Өндіру, бірлескен Барлау мен Өндіру жүргізуге не Барлауға және (немесе) Өндіруге байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға жасалатын шарт;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Контрактің аумағы - Жер қойнауын пайдаланушы Контрактіге сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операциялар жүргізуге құқылы Геологиялық не Тау-кендік бөлумен айқындалатын аумақ;";

8), 9) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) Жер қойнауын пайдаланушы - осы Жарлыққа сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізу құқығын иеленуші жеке немесе занды тұлға;

15) тармақшадағы "жер бетінен және" деген сөздерден кейін "теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) Мердігер - Құзыретті органдың (үекілетті мемлекеттік орган) жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізуге Контракт жасаған жеке немесе занды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) Сақтық аймағы - Теңіздің жағалау сзығынан Қазақстан Республикасының аумағында құрылыш жағына қарай 5 километрге созылып жатқан аймақ;"

22) тармақша алып тасталсын;

25) тармақшадағы "Өндірумен байланысты емес" деген сөздің алдынан "Барлаумен және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) Сервитут - жеке және занды тұлғалардың басқа тұлғаларға осы Жарлықта көзделген жағдайларда Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес Барлау, Өндіру, бірлескен Барлау жүргізу және Өндіру, не жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану үшін берілген жер қойнауы Участкесінің бөлігін шектеулі нысаналы пайдалану құқығы;";

Мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

"27-1) Ұлттық компания - Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану операцияларын тікелей, сондай-ақ Контрактілерге үлестік қатысу арқылы жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған, акцияларының жүз проценті мемлекетке тиесілі жабық акционерлік қоғам;";

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізудің жариялышы

Барлық мұдделі тұлғалар Құзыретті органды (уәкілетті мемлекеттік орган):

1) инвестициялық бағдарламалардың конкурсын өткізуіндің шарттарымен және оның нәтижелері туралы шешімнің мазмұнымен;

2) жасалған Контрактілер бойынша бағдарламалар конкурсы ережелерінің орындалуымен танысуға құқылы.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының арасында тараптар құпия деп таныған ақпаратты беру құпиялышы режимін бұзу болып табылмайды. Құпияға жататын ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Мақсаты қоршаған табиғи ортаны қорғау болып табылатын барлық мұдделі отандық және халықаралық қоғамдық ұйымдардың қоршаған ортаға жүргізілген не жоспарланған жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операциялардың әсер етуіне қатысты толық және дұрыс ақпаратты алуға құқығы бар.

3. Мұндай ақпаратты берудің тәртібі қолданылып жүрген зандармен белгіленеді.";

3) 7-бапта:

6) тармақшадағы "Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау және" деген сөздер

алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы Участелерінің (блоктарының) тізбесін бекітеді;";

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік органның) атқаратын қызметтері

1. Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган) атқаратын қызметтеріне мыналар кіреді:

1) Барлау, Өндіру және бірлескен Барлау мен Өндіру жүргізуге жер қойнауын пайдалану Құқығын беру үшін инвестициялық бағдарламалардың конкурсын дайындау және ұйымдастыру;

2) Контрактінің шарттары туралы Жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер жүргізу, Жер қойнауын пайдаланушымен бірлесіп Контрактінің жобасын дайындау;

3) контрактілік құжаттардың жобаларын келісуді жүргізуді ұйымдастыру;

4) кең тараған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсатта өндіруге арналған Контрактіні қоспағанда, Контрактіні жасасу және тіркеу;

5) жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен бірлесіп, Контрактілерді орындау шарттарын сақталудың мониторингі және оны бақылау;

6) Осы Жарлықтың 14-бабына сәйкес Жер қойнауын пайдалану құқығын өзгеге беруге рұқсат беру, сондай-ақ осы Жарлықтың 15-бабына сәйкес Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерді тіркеу;

7) Контрактінің заңдарда көзделген тәртіппен және негіздер бойынша

атқаруды және бұзуды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Контрактінің орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті табыс ету.

2. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган):

1) Контрактіні жасау және атқару жөніндегі өзінің қызметінің барысында Қазақстан Республикасы мұдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

2) Кең орындарының қорларына мемлекеттік сараптамадан кейін ғана Өндіруге Контракт жасасуға міндетті.>";

5) 9-бапта:

1) тармақшадағы "Лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Кең таралған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсаттарда өндіруге

Контракт жасасады, тіркейді және оны атқарады;";
мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) жер қойнауын пайдалануға байланысты ғылыми, тарихи-мәдени және эстетикалық мәні бар объектілерді құру мен сақтауға жәрдемдеседі.";

6) 10-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "Өндірумен байланысты емес" деген сөздердің алдынан "Барлаумен және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын.

7) 11-бапта:

1-тармақта "субъектілері" деген сөзден кейін "қазақстандық және шетелдік" деген сөздер енгізілсін;

1-тармақтағы ", соның ішінде шетел азаматтары, сондай-ақ шет мемлекеттер, халықаралық үйымдар" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын.

8) мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2-баптармен толықтырылсын:

"11-1-бап. Жер қойнауын пайдалануды шектеу

1. Жер қойнауының жекелеген Участокерін пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша елдің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін.

2. Елді мекендердің аумақтарында, қала маңы аймақтарында өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінде жер қойнауларын пайдалануға, егер мұндай пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі, шаруашылық объектілеріне немесе қоршаған ортаға залал келтіруі мүмкін болатын жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ішінәра немесе толық тыйым салынуы мүмкін.

3. Ерекше қорғалатын аумақтардың шектеріндегі жер қойнауларын пайдалану Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын аумақтары туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

11-2-бап. Сервитуттар

1. Сервитут мүдделі тұлғаға, егер мұндай тұлғаның қызметті заңды жүзеге асыруы мұндай Сервитут берілмей мүмкін болмайтын не мұндай тұлғаны шамадан тыс шығынға ұрындыратын жағдайдаған берілуі мүмкін.

2. Сервитутты беруге, егер мұндай беру адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қатер төндіретін, сондай-ақ жер қойнауы Участоксерінде Барлау және (немесе) Өндіру жүргізу мүмкін еместігіне не оның тиімсізділігіне әкеп соғатын

жағдайда тыйым салынады.

3. Бұрын жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізу үшін басқа тұлғаға берілген жер қойнауы Учаскесінің бөлігін беруді осы тұлғамен және Құзыретті органмен (уәкілетті мемлекеттік орган) келісім бойынша Тау-кендік бөлуін ресімдеу жолымен жер қойнауын пайдалану және Қорғау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асырады.

4. Сервитут мәміленің, соның ішінде сатып алу-сату мен кепілдің дербес нысанасы бола алмайды. Сервитут басқа тұлғаларға тек мұндай сервитутты қамтамасыз ету үшін берілген құқықпен бірге ғана ауысуы мүмкін.

5. Сервитутты жер қойнауы Учаскесінің бөлігіне беру осындай Сервитутты алу қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес жер участкесіне Сервитут беру үшін негіз болады.";

9) 12-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

10) 13-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлауға, Өндіруге, бірлескен Барлау мен Өндіруге, сондай-ақ Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуға және (немесе) пайдалануға арналған жер қойнауын пайдалану Құқығын беру Контракт жасасу арқылы жүргізіледі.";

2-тармақтағы "органы беретін лицензиялар" деген сөздер "органымен Контракт жасасу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Пайдалы қазбалардың қоры аз кен орындарындағы жер қойнауын пайдалану Құқығын беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

3-тармақта "өкілетті" деген сөздің орнына "мемлекеттік" деген сөз енгізілсін;

"ведомостволық бағыныстағы ұйымдарға арналған әкімшілік актісі немесе контракт негізінде" деген сөздердің орнына "әкімшілік актісі негізінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып аулар туралы заңдарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жер қойнауын пайдалану Құқығы бірнеше Жер қойнауын пайдаланушыға берілуі мүмкін. Осындай беру жағдайында мұндай жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану Құқығының бірлескен иелері болып табылады. Мұндай Жер қойнауын пайдаланушылардың өзара құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) қатысты құқықтары мен міндеттері Контрактіде айқындалады. Жер қойнауын пайдалану Құқығының бірлескен иелері Контрактің негізінде туындастын міндеттемелер бойынша ортақ жауапты болады.";

11) 14-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалану Құқығын кепілге беруді қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану Құқығын басқа тұлғаға ақылы не тегін негізде жүзеге асырылатын беруі, құрылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталына жарна ретінде беруін қоса алғанда, тек Құзыретті органның /уәкілетті мемлекеттік орган/ рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.";

2-тармақта:

"Лицензиялық органның" деген сөздер "Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган)" деген сөздермен ауыстырылсын:

"Лицензияда немесе" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе Құзыретті органның келісімі бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы баптың 1 және 9-1-тармақтарына сәйкес берілетін рұқсаттың болуынсыз, сондай-ақ 15-баптың 2-тармағын бұза отырып жасалған жер қойнауын пайдалану Құқығын өзгеге беру жөніндегі мәміле ол жасалған кезден бастап жарамсыз деп есептеледі";

8-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1, 9-2, 9-3 және 9-4-тармақтармен толықтырылсын;

"9-1. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) Жер қойнауын пайдаланушының өтініші мен оған қоса берілген Жер қойнауын пайдаланушы пайдасына осындай беруді жүргізуге ниеттенген жеке және заңды тұлға туралы ақпараттың негізінде жер қойнауын пайдалану Құқығын беруге арналған рұқсатты беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) жер қойнауын пайдалану Құқығын беруге арналған рұқсатты беруден жер қойнауын пайдалану Құқығын беру көзделген тұлға Жер қойнауын пайдаланушыға Контрактімен жүктелетін міндеттемелерді немесе міндеттемелердің бір бөлігін (жер қойнауын пайдалану Құқығы ішінше берілетін жағдайда) орындауға қабілетсіз деп ұйғарылған не Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) көрінеу жалған ақпарат берген жағдайда бас тартуға құқылы. Жер қойнауын пайдалану Құқығын беруге рұқсат беруден негіzsіз бас тартуға қолданылып жүрген зандар мен Контрактінің шарттарына сәйкес қарсылық білдірілуі мүмкін.

Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган), егер Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) негізгі ұйым Контракт бойынша міндеттемелерді еншілес занды тұлғамен ортақтасып толық атқару кепілдігін ұсынған кез келген жағдайда жер қойнауын пайдалану Құқығын еншілес ұйымға беруден бас тартуға құқығы жоқ.

9-2. Жер қойнауын пайдалану Құқығын беру Контракті қайта ресімделген кезден бастап, оның ішінде Контрактіге тиісті өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ресімдеу арқылы жасалған деп есептелінеді. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) Контрактінің қайта ресімдеуден және тіркеуден жер қойнауын пайдалану

Құқығын беру жөніндегі азаматтық-құқықтық мәміле жасасу фактісі болмаған жағдайда не Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға (үәкілетті мемлекеттік орган) соның негізінде жер қойнауын пайдалану Құқығын беруге рұқсат берілген жалған ақпарат ұсынуы фактісі болған жағдайда не осы баптың 9-3 және 9-4-тармақтары сақталмаған жағдайда бас тартуға құқылы.

9-3. Жер қойнауын пайдалану Құқығын басқа адамға ішінара берген жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы мен осындай жеке немесе заңды тұлға Контракт бойынша құқықтарды бірлесіп жүзеге асыру мен міндеттерді орындау кезінде туындастын өзара міндеттемелер бойынша келісімге келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушылардың арасындағы бірлескен қызмет туралы шарт не құқықтар мен міндеттерді осындай шектеу туралы өзге де шарт Құзыретті органмен (үәкілетті мемлекеттік орган) келісіледі және ол Контрактінің тараптары үшін міндетті күші бар Контрактіге қосымша болып табылады.

9-4. Иеленушілері бірнеше жеке немесе заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдалану Құқығының бөлігін берген жағдайда мұндай беру осы жер қойнауын пайдалану Құқығының барлық осындай иеленушілерінің келісімімен ғана мүмкін болады.";

11) 15-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер қойнауын пайдалану Құқығын кепілге беруге тек Контрактімен белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізу үшін қаржы қаражатын тарту мақсатында ғана жол беріледі. Жер қойнауын пайдалану Құқығының кепілімен алынған кредит (заем) Контрактіде көзделген жер қойнауын пайдалану мақсатына ғана пайдаланылуы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2, 2-3, 2-4, 2-5, 2-6 және 2-7-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру осы Жарлықтың 14-бабына сәйкес алдын ала рұқсат алмастан, сондай-ақ Контрактіні Кепіл ұстаушыға қайта ресімдеусіз жүзеге асырылады.

2-2. Кепіл шарты Құзыретті органда (үәкілетті мемлекеттік орган) міндетті түрде тіркелуге тиіс және егер осы Шартпен күшіне енуінің өзге неғұрлым кеш мерзімі белгіленбеген болса, тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

2-3. Жер қойнауын пайдалану Құқығының кепіл шартын тіркеу Жер қойнауын пайдаланушиның өтініші негізінде тіркеу туралы қуәлік беріле отырып жүзеге асырылады, оған қолданылып жүрген заңдарға сәйкес талап етілетін құжаттар берілген кезден бастап 30 күннің ішінде заемды тартудың, пайдалану мен қайтарудың техникалық-экономикалық негіздемесі, заемды берудің шарттары мен заемды беретін ұйым туралы ақпарат қоса беріледі.

2-4. Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган), егер жер қойнауын пайдалану

Құқығын иеленуші тұлғаға Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңының күші қолданылса не жер қойнауын пайдалану құқығы кепілінің тиісті жағдайларында отандық немесе халықаралықрынокта қолданылатын шарттармен салыстырғанда Жер қойнауын пайдалануши үшін жер қойнауын пайдалану Құқығы кепілінің бара-бар шарттары болмаса не, егер кепілге салынатын жер қойнауын пайдалану Құқығы басқа кепіл шартының нысаны болып табылса, жер қойнауын пайдалану Құқығының кепіл шартын тіркеуден бас тартуға құқылы.

2-5. Құзыретті орган (уәкілдегі мемлекеттік орган) өтініш берушіге мұндай бас тартудың себептерін көрсете отырып, жер қойнауын пайдалану Құқығының кепіл шартын тіркеуден бас тартылғаны туралы 30 күн ішінде жазбаша мәлімдеуге міндетті.

2-6. Кепіл нысанасы ретінде жер қойнауын пайдалану Құқығына өндіріп алу қолданылған жағдайда, кепіл ұстаушы банк болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кепіл ұстаушыға Контрактімен және Қазақстан Республикасының зандарымен жер қойнауын пайдалану Құқығының иесіне жүктелетін барлық құқықтар мен міндеттер ауысады.

2-7. Жер қойнауын пайдалану құқығына кепілдің нысанасы ретінде өндіріп алуды қолданудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

13) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Занды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда оған тиесілі Жер қойнауын пайдалану құқығы азаматтық зандар нормаларына сәйкес құқықтық мирасқорға (құқықтық мирасқорларға) ауысады.";

14) 17-бапта:

1-тармақтағы "лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын.

15) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуды және (немесе) пайдалануды, жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуда және (немесе) пайдалануға арналған жер қойнауын пайдалану Құқығын беру тәртібінің

ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты

құрылыштарын Салуды және (немесе) пайдалануды жүргізудің шарттары мен тәртібі Контрактімен айқындалады.

3. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуға және (немесе) пайдалануға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осы Жарлықтың Өндіруге қатысты нормалары қолданылады.";

16) "Барлау мен өндіруді лицензиялау" деген 4-тaraу мен 21-41-баптар алып тасталсын.

17) Мынадай мазмұндағы 4-1-taraumen толықтырылсын:

"4-1-tarau. Барлауды, Өндіруді және бірлескен Барлау мен Өндіруді жүргізуге құқық берудің тәртібі

41-1-бап. Барлауды, Өндіруді және бірлескен Барлау мен Өндіруді жүргізуге құқық берудің тәртібі

1. Құзыретті органмен (үәкілетті мемлекеттік орган) тікелей келіссөздер негізінде Ұлттық компанияларға берілетін жер қойнауы Участеклерін (Блоктарды), сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсатта Өндіруге ұсынылған жер қойнауы Участеклерін, сондай-ақ Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуды және (немесе) пайдалануды қоспағанда, инвестициялық бағдарламалар конкурсына шығарылатын жер қойнауы Участеклерінің (Блоктарының) тізбесін бекітеді. Жер қойнауының осы Участеклеріне Барлау, Өндіру және бірлескен Барлау мен Өндіру жүргізуге құқық Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен, конкурс өткізу нәтижелерінің негізінде беріледі.

2. Жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурсқа шығаратын жер қойнауының Участеклері (Блоктары) бойынша геологиялық немесе тау-кендік бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі өзі айқындаған жер қойнауының Участеклерін конкурсқа шығару туралы шешімі қабылданған және тау-кендік бөлінісі жобасы ұсынылған күннен бастап 45 күннен кешіктірмей әзірлеуге міндетті.

3. Жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурсына қатысуға тілек білдірген тұлғалар осы Жарлықтың нормаларына сәйкес

конкурсқа қатысуға Құзыретті органға (үәкілетті мемлекеттік орган) өтінім беруге құқылы.

4. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салу және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауының Участкерін беруді Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган) тікелей келіссөздердің негізінде жүргізеді.

41-2-бап. Барлауға, Өндіруге не бірлескен Барлау мен Өндіруге жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға инвестициялық, бағдарламалар конкурсын өткізуудің шарттары

1. Барлауға, Өндіруге не бірлескен Барлау мен Өндіруге жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға инвестициялық бағдарламалар конкурсы ашық және жабық болуы мүмкін.

Ашық конкурсты өткізуудің шарттары жариялануға, ал жабығынікі - барлық ықтимал қатысушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірген барлық тұлғалардың конкурсты

өткізуудің тәртібіне байланысты ақпаратты алуға құқығы бар.

2. Конкурсты өткізу туралы хабарламаларда мыналар болуы тиіс:

1) оның өткізілетін уақыты мен орны, сондай-ақ өтінімдер берудің мерзімі;

2) конкурстың негізгі шарттары;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізу үшін ұсынылу көзделген жер қойнауы Участкерінің (блоктарының) орналасқан жерін көрсету және оның сипаттамасы.

Хабарламада сондай-ақ жазылым бонусының ең төменгі мөлшері, геологиялық ақпарат пакетінің, кен орнын ашқаны үшін төлемнің, Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган) белгілейтін конкурсқа қатысу құқығына арналған жарнаның құны көрсетіледі.

41-3-бап. Инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысуға берілетін өтінім

Конкурсқа қатысуға берілетін өтінімде:

1) өтінім берушінің атауы оның орналасқан жері, мемлекеттік тиесілілігі (занды

тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

2) занды тұлғалардың және өтінім берушінің атынан өкілдік ететін тұлғалардың басшылары немесе иелері туралы деректер;

3) өтінім берушінің техникалық, басқарушылық, ұйымдастыруышылық және қаржылық мүмкіндіктері туралы деректер болуға тиіс.

41-4-бап. Өтінімдерді қараудың тәртібі мен мерзімдері

1. Өтінім беруші конкурсқа қатысуға арналған жарнаны төлеген соң өтінім қарауға қабылданады. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) өтінімнің конкурсқа қатысуға қабылданғаны туралы оның келіп түскен қунінен бастап бір ай мерзімде өтінім берушіге ресми хабарлайды. Өтінімдердің сараптамасы конкурс процесінде жүргізіледі.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім қабылданған соң өтінім берушіге Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) ақысын төлетіп жер қойнауы пайдалануға берілетін аумақтағы жер қойнауы Учаскесі (Блоктары) жөніндегі геологиялық ақпарат пакетін береді. Пакетте өтінім берушіге Жұмыс бағдарламасын және Барлауды және (немесе) Өндіруді жүзеге асыру бойынша техникалық-экономикалық көрсеткіштерді әзірлеуі үшін қажетті геологиялық, тау-кен-техникалық, технологиялық және өзге ақпарат көлемі болуға тиіс.

41-5-бап. Жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға конкурстық ұсыныс

1. Өтінім беруші конкурстың шарттарымен белгіленген мерзімдерде бірлескен Барлау мен Өндіруге немесе Өндіруге жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға 41-2-баптың 2-тармағына сәйкес міндеттемелердің орындалуын ескере отырып конкурстық ұсыныс жасайды. Конкурсқа қатысуға өтінім берушілердің арасынан конкурстың жеңімпазын анықтауды комиссия жүргізеді. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Конкурстың нәтижелері ресми баспасөз басылымдарында жариялануға тиіс.

2. Барлауға, жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныста:

1) өтінім берушінің соңғы 5 жылда өзі қызметін жүзеге асырган мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, оның бұрынғы қызметі туралы ақпарат, өтінім берушінің қаржылық мүмкіншіліктері туралы банк анықтамасы;

2) жұмыс бағдарламасын және оны жүзеге асыруға кететін шығындарды қоса алғанда, өтінім берушінің Барлау жүргізу шарттары туралы ниеті;

3) Контракт аумағы жерін рекультивациялауды және қалпына келтіруді қоса

алғанда, өтінім берушінің қоршаған ортаны қорғауға қатысты ниеті;

4) Барлауды қаржыландырудың көздері (өзінің қаражаты немесе заемдық қаражаттар);

5) геологиялық ақпаратты сатып алудың шарттары;

6) өтінім берушінің жер қойнауын пайдалануға құқықтарды іске асыруда Ұлттық компаниялармен үлестік ынтымақтастыры туралы ниеті болуға тиіс.

3. Өндіруге жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға конкурстық ұсыныста бұдан басқа:

1) өзі өндіруді ұйғарып отырған Пайдалы қазбалардың көлемін қоса алғанда, Кен орындарын игеру жоспары;

2) Өндіруді бастаудың күтіліп отырған мерзімі және оған қол жеткізудің экономикалық және техникалық мүмкін деңгейі;

3) Өндіруге байланысты шығыстар бойынша және Пайдалы қазбаларды іске асырудан түсетін кірістер бойынша болжамдарды есептеу;

4) Қазақстан Республикасының көзделіп отырған ақша түсімдері

мен Контракт аумағының өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға салынатын күрделі салымдары болуға тиіс.

4. Бірлесіп Барлау мен Өндіруге Құқық алуға конкурстық ұсыныс осы баптың 2-3-тармақтарына сәйкес қалыптасуға тиіс.

41-6-бап. Инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысу құқығынан бас тартылу

Инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысу құқығынан бас тартылу мынадай жағдайларда орын алуы мүмкін:

1) осы Жарлықтың 41-3-бабының талаптарын бұза отырып конкурсқа қатысуға өтінім беру немесе 41-5-бабының талаптарын бұза отырып конкурстық ұсыныс беру;

2) өтінім берушінің жалған мәліметтерді ұсынуы;

3) өтінім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінде және (немесе) конкурстық ұсыныста аталған Барлау мен (немесе) Өндіру үшін қажетті техникалық, ұйымдастырушылық, бас қарушылық және қаржылық мүмкіншіліктерге ие екендігінің немесе ие болатындығының құжаттамалық айғақтарының өтінімде болмауы.

41-7-бап. Конкурстың қорытындыларын шығару

1. Конкурстың жеңімпазы мынадай басты өлшемдер жиынтығының негізінде анықталады:

- 1) Барлауды жүргізудің басталу және қарқындылық мерзімі;
 - 2) Өндіруді бастаудың және оның экономикалық техникалық мүмкін деңгейіне, сондай-ақ Пайдалы қазбаларды барынша жоғары коэффициентіне жету мерзімі;
 - 3) бюджетке бастапқы, сондай-ақ одан кейінгі төлемдердің болжамды мөлшері;
 - 4) инвестициялардың мөлшері, жобаны қаржыландырудың және Контракт аумағының өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға салынатын күрделі салымдар мерзімдері мен шарттары;
 - 5) Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптардың сақталуы.
2. Өтінім беруші әзірлеген техникалық-экономикалық көрсеткіштердің конкурс шарттарына сәйкес келуін бағалауды Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган) құратын сараптама комиссиясы жүргізеді және хаттамамен ресімделеді.

41-8-бап. Геологиялық және Тау-кендік бөлу

1. Барлауға, Өндіруге, бірлескен Барлау мен Өндіруге, сондай-ақ Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану Құқығын иеленуші тиісінше Геологиялық немесе Тау-кендік бөлу айқындалған жер қойнауы Учаскесінің шектерінде ғана жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті Операцияларды жүргізуге құқылы.

2. Өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану Құқығын иеленуші Тау-кендік бөлүмен айқындалған жер қойнауы Учаскесінің шектерінде, өзінің қалауы бойынша, Барлауға Контракт жасамай және Геологиялық бөлуді ресімдемей Барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы.

3. Контракт аумағын қайтаруға байланысты ресімделетін Геологиялық бөлуді жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі мемлекеттік орган береді.";

18) 42-бапта:

1-тармақта:

"Барлау және Өндіру жөніндегі операцияларды" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 2), 3), 4) және 5) тармақшалар алып тасталысын;

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2), 1-3) және 1-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) Барлау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған Контракт;

1-2) бірлескен Барлау және Өндіру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған

Контракт;

1-3) Өндіру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған Контракт;
1-4) Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын Салуға және (немесе) пайдалануға арналған Контракт.";

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2 және 2-3-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Контрактінің шарттары Модельді контрактінің ережелерін ескере отырып, тараптардың өзара келісімі бойынша белгіленеді.

2-2. Контрактінің шарттары Қазақстан Республикасының Зандарына сай келуге тиіс . Контракт жасалған кезде қолданылып жүрген зандарға қайшы келетін Контрактінің шарттары Контрактіге қол қойылған кезден бастап жарамсыз деп есептеледі.

2-3. Жұмыс бағдарламасын қоса алғанда, бірлескен Барлау мен Өндіруге жасалған Контракт бойынша Өндіруді жүргізудің шарттары мен тәртібі Контрактіде белгіленген тәртіппен, жасалған Контрактіге қосымша ретінде қосалқы рәсімделуге тиіс.";

19) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"43-бап. Контрактінің қолданылу мерзімі

1. Барлауға Контракт алты жыл мерзімге жасалады. Мердігер Контрактіде және тиісті жұмыс бағдарламасында белгіленген міндеттемелерді орындаған жағдайда Мердігердің Контрактінің қолданылу мерзімін ұзартуға құқығы бар. Контрактінің қолданылу мерзімі әрбір кезеңі ұзақтығы екі жылға дейін болып екі рет ұзартылуы мүмкін. Егер Мердігер мерзімді ұзарту үшін Контрактінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 12 айдан кешіктірмей өтініш жасаған болса, Барлауға Контрактінің мерзімі ұзартылуы мүмкін.

2. Өндіруге арналған Контракт 25 жылға дейінгі, ал пайдалы қазбалардың ірі және бірегей қорлары бар кен орындарында - 45 жылға дейінгі мерзімге жасалады.

3. Бірлескен Барлау мен Өндіруге Контракт мүмкін болатын ұзарту мерзімдері ескеріле отырып, Барлау мен Өндірудің мерзімін қамтитын мерзімге жасалады. Бұл ретте мерзімдерді ұзартуға осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелер қолданылады.

4. Пайдалы қазба табылған жағдайда Контрактінің қолданылу мерзімін Коммерциялық табуды бағалау үшін Мердігердің қажет кезеңге ұзартуға құқығы бар.

5. Контрактінің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінім ол Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) келіп түсken күнінен бастап үш айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.";

20) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

"43-1-бап. Контрактінің қолданылуының аумақтық аясы
(Контрактілік аумак)

1. Контрактілік аумақтың шегінде жер қойнауының бір-бірімен өзара аралас ретінде де, бөлек те бір Участкесі немесе жер қойнауының бірнеше Участкесі болуы мүмкін. Контрактілік аумақтың шегінде бөлінетін жер қойнауы Участкесі (жер қойнауы участкелері) белгілі бір терендікпен шектеліне алады (шектеліні ү мүмкін).

2. Егер Барлау және (немесе) Өндіру жүргізу кезінде Пайдалы қазбалар табылатын болса, Кен орнының географиялық шекаралары көрсетілген Геологиялық немесе Тау-кендік бөлудегі Контракт аумағы шегінен шығып кеткен болса, онда оны кеңейту туралы мәселе конкурс өткізілмesten Контракт шарттарын өзгерту арқылы шешілуге тиіс.

3. Контрактінің аумағын қайтарудың шарттары мен тәртібі Контрактіде айқындалады.

4. Контракт аумағының бөліктерін қайтару, Контракт аумағынан осы Жарлықтың 41-8-бабына сәйкес осындай Геологиялық бөлуден қайтарылатын бөліктерді қоспағанда, Геологиялық бөлуді қайта ресімдеу арқылы жүзеге асырылады.";

21) 44-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Контракт оған қол қойылғанға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес тиісті мемлекеттік органдармен, оның ішінде салық салу мәселелерімен айналысатындарымен міндетті түрде келісілуге тиіс. Келісу мерзімі контрактілік құжаттардың ұсынылған күннен бастап 30 күннен аспауға тиіс. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) өзінің қалауы бойынша оған қол қойғанға дейін Контрактіге тәуелсіз сараптама жүргізу тағайындауға құқылы. Бұл ретте мұндай сараптама жүргізудің мерзімі контрактілік құжаттарды берген кезден бастап 30 күннен аспауға тиіс.";

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік еткен орган Контрактінің тіркейді және ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді" деген сөздер "Кен таралған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсатта Өндіруге Контрактіні қоспағанда, Контрактінің тіркеу туралы сертификатты міндетті түрде бере отырып, Контрактіні Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) тіркейді және ол қол қойылған кезден бастап күшіне енеді" деген сөздермен ауыстырылсын.";

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Контрактінің жасау жергілікті атқарушы органдардың жер участкесін дереу ресімдеуі үшін негіз болып табылады. Бұл ретте ресімделетін жер участкесінің кеңістік шекаралары жер участкесін іс жүзінде пайдалану мерзімдерінің шегінде Жер қойнауын жердің үстінгі бетін бұза отырып іс жүзінде пайдаланылатын аумақпен шектеледі.

4-2. Құзыретті орган Контрактінің көшірмесін оны тіркеген соң бір апта мерзімде міндетті түрде жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға жібереді.";

22) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Контрактіні жарамсыз деп тану

1. Контракт мынадай жағдайларда:

1) сот тәртібімен Құзыретті органға (үәкілдегі мемлекеттік орган) осы тұлғамен Контракт жасауға шешім қабылдауға ықпал еткен көрінеу жалған ақпарат беру фактісі анықталған жағдайда;

2) сот тәртібімен конкурсты жүргізуге не жер қойнауын пайдалану құқығын алуды ұтып алған үміткермен оған басқа үміткерлердің алдында заңсыз басымдықтар беру мақсатында Контракт жасасуға қатысуши лауазымды адамдардың арасында сөз байласу, бюджетке төленетін төлемдердің шарттарын ырықтандыру және олардың мөлшерін азайту фактілері анықталған жағдайда;

3) қолданылуы Контракт жасасуға тікелей ықпал еткен шарттың күшін сот тәртібімен жою кезінде жарамсыз деп табылады.

2. Контрактіні жарамсыз деп тану үшін соттың осы баптың 1-тармағында көрсетілген фактілердің болғандығын растайтын шешімінің немесе үкімінің заңды күшіне енүі негіз болып табылады. Контракт ол жасалған кезден бастап жарамсыз деп есептеледі.

3. Сот тәртібімен оның негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру және қайта ресімдеу жүзеге асырылған шартты жою не бұзу Контрактінің өзінің емес, жер қойнауын пайдалану құқығын осындай берумен байланысты қабылданған өзгерістер мен толықтырулардың жарамсыздығына әкеліп соғады.";

23) мынадай мазмұндағы 45-1 және 45-2-баптармен толықтырылсын:

"45-1-бап. Контрактінің қолданылуын тоқтата тұру

1. Құзыретті орган (үәкілдегі мемлекеттік орган) не жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Мердігер:

1) Контрактіде көзделмеген қызметті немесе оны Контрактінің талаптарын бұза отырып жүзеге асырған;

2) Контрактіде көзделмеген бағдарлама бойынша қызметті жүзеге асырған;

3) өз қызметін жүзеге асыру процесінде жер қойнауын және қоршаған ортанды қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бөлігінде заңдарды ұдайы бұзған жағдайларда Барлауды, Өндіруді, бірлескен Барлау мен Өндіруді не Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын Салуды және (немесе) пайдалануды алты айға дейін мерзімге тоқтата тұруды талап етуге құқылы.

2. Барлау, Өндіру, бірлескен Барлау мен Өндіру не Барлау және (немесе) Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын Салуды және (немесе) пайдалануды жүргізу тоқтатыла тұрған жағдайда Құзыретті орган (үәкілдегі мемлекеттік орган) не жер

қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Жер қойнауын пайдаланышыға мұндай тоқтата тұрудың себептері туралы жазбаша түрде хабарлайды және оларды жою үшін қысынды мерзім белгілейді.

3. Барлауды, Өндіруді, бірлескен Барлау мен Өндіруді не Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын Салуды және (немесе) пайдалануды тоқтата тұруды тудырған себептер жойылған кезде Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) не жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Мердігерге Барлауды, Өндіруді, бірлескен Барлау мен Өндіруді не Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын Салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуді жалғастырудың мүмкіндігі туралы жазбаша түрде хабарлайды.

4. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) және (немесе) жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган, егер жасалған Контрактіге сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жалғастыру, Жер қойнауын пайдаланышыға тәуелсіз белгілі бір жағдайларға байланысты адамдардың өміріне қауіп немесе қоршаған ортаға қатер төндіретін жағдайда, Барлауды, Өндіруді немесе бірлескен Барлау мен Өндіруді жүргізуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл жағдайда Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) немесе жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Жер қойнауын пайдаланушыға осындай жағдайлардан туған қолайсыз зардаптардың тәуекелін болдырмайтын не оны төмендететін шаралар қолдану жөнінде атқарылуы міндетті нұсқаулар беруге құқылы. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды тоқтата тұру үшін негіз болатын мән-жайлардың туындағаны үшін қандай да бір жауапкершіліктен босатылады.

45-2-бап. Контрактіні өзгерту және тоқтату

1. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) Контрактіні мынадай жағдайларда:

1) Мердігер Барлау, Өндіру, бірлескен Барлау мен Өндіру не Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын Салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға әкеп соққан себептерді жоюдан бас тартқан жағдайда, не осы себептер оларды жою үшін жеткілікті мерзімде жойылмаған жағдайда;

2) Жер қойнауын пайдаланушылар осы Жарлықтың 70-бабында көзделген шараларды қолданбаған жағдайда;

3) Осы Жарлықтың 45-1-бабының 4-тармағына сәйкес Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруға әкеп соққан себептерді жою мүмкін болмайтын жағдайда;

4) Мердігер Контрактімен не жұмыс бағдарламасымен белгіленген міндеттемелерін айтартықтай бұзған жағдайда;

5) Мердігер осы Жарлыққа сәйкес жер қойнауын пайдалану Құқығы кепіл нысанасы болып табылатын жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес банкрот деп танылған жағдайда біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) Контрактіні бұзу

туралы тиісті шешім қабылдағанға дейін Мердігерге хабарлама жіберу арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді дереу тоқтатуды талап етуге құқылы, ал Мердігер мұндай талапты дереу атқаруға міндетті".

24) 46-бапта:

1-тармақтағы "Егер енгізілетін өзгертулер Лицензия талаптарына қайшы келмесе" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы екінші сөйлем алып тасталсын.

25) мынадай мазмұндағы 48-1-баппен толықтырылсын:

"48-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды
Сақтық аймағының шегінде жүргізу

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды Сақтық аймағының шегінде жүзеге асыратын Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі осы Операцияларды судың деңгейінің көтерілуі жағдайында теңіздің Ластануын болдырмайтындей немесе барынша төмендететіндей етіп жүргізуге міндетті.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды Сақтық аймағының шегінде жүзеге асыратын Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі жүргізілген Операциялардың және мұндай Жер қойнауын пайдаланушының кінәсі болу-болмауына қарамастан су деңгейінің көтерілуінің нәтижесінде теңіздің Ластануы жағдайында қоршаган ортаға не жеке немесе занды тұлғаларға келтірілген зиян мен залал үшін жауапкершілікте болады.";

26) 49-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "кен Өндіруге қатысы жоқ" деген сөздер "Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес" деген сөздермен ауыстырылсын.

27) 53-баптың 1-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі

уәкілді органдардың" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органының" деген сөздермен ауыстырылсын.

28) 57-бапта:

2-тармақта:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: "Өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану Құқығына ие Мердігер Өндіруді Пайдалы қазбалардың қорына мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін ғана бастауға құқылы.";

4-тармақтағы "Сондай-ақ Өндіруге қатысы жок" деген сөздер "Өндіруге

байланысты емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 58-баптың 1-тармағындағы, 59-баптың 1-тармағындағы, 60-баптың 1-тармағындағы "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілді орган" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

30) 62-бапта:

1) тармақшадағы "Лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын.
8) тармақшадағы ", Лицензияда және (немесе)" деген сөздер "және" деген жалғаулықпен ауыстырылсын;

31) 63-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы "Лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын.

3) тармақшада:

"Лицензия алған күннен бастап екі жыл ішінде" деген сөздер "Контракт жасаған күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Лицензияда" деген сөз "Контрактіде" деген сөзben ауыстырылсын:

5-тармақшада "қызыметкерлер" деген сөздің алдынан "Жер қойнауын ұтымды пайдалануды," деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында конкурс өткізумен байланысты олар стандарттар мен басқа да талаптарға сай болған жағдайда Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімдерді міндетті түрде пайдалануға;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

8) егер бұл қызымет көрсетулер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында конкурстар өткізумен байланысты

стандарттарға және басқа да талаптарға сай болса, әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды өткізу кезінде жұмыс атқару мен қызмет көрсету үшін қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарды міндетті түрде қатыстырыуға.";

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасында қайсыбір қызмет түрі болмаған жағдайда мемлекеттік органның рұқсатымен шетелдік ұйымдардың қызметін пайдалану.";

12) тармақшадағы "Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі өкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшада "Салықтарды" деген сөзден кейін ", Жер қойнауын ұтымсыз пайдаланғаны үшін айыппұлдарды" деген сөздер енгізілсін;

2-тармақтағы "Лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын.

32) 64-бапта:

1-тармақта:

"міндетті Жұмыс бағдарламасы" деген сөздер "жұмыстардың ең төменгі немесе жұмыс бағдарламасы, сондай-ақ жұмыстардың жылдық бағдарламасын бекітудің тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және Лицензияға" деген сөздер алып тасталсын;

тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды жүргізу процесінде Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңдарын сактауға міндетті. Барлауға Контрактінің негізінде Барлау жүргізген және коммерциялық анықтау жасаған Мердігердің тікелей келіссөздер негізінде Өндіру Құқығын алуға ерекше құқығы бар.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай сейлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте негіzsіз артық сипаттағы немесе Кен орнын игерудің Оң практикасымен сәйкес келмейтін немесе жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекет белгілеген ережелер мен нормаларды бұзуға байланысты Жер қойнауын пайдаланушы шеккен, не Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Контрактімен жүктелген оның өзге де міндеттерді бұзуына байланысты шеккен шығыстарды өтеуге жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2, 3-3, 3-4, 3-5 және 3-6 тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Барлауды жүзеге асыратын Мердігердің Кен орнының қорларын байқау үшін пайдалануды жүргізуге бұл жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен келісілген жобада немесе жылдық жұмыс бағдарламасында көзделген жағдайда ғана құқығы бар.

3-2. Барлауды, Өндіруді не бірлескен барлау мен Өндіруді жүргізетін Жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі

мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен, егер Контрактіде мұндай келісу үшін өзгеше мерзім белгіленбесе, Контракт жасалған айдан кейінгі айдың 30-нан кешіктірмей жұмыстардың жылдық бағдарламасын келісуге міндетті.

3-3. Жер қойнауын пайдаланушы жылдық бағдарламаны жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен келісім бойынша қайта қарауы мүмкін.

3-4. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияларды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалатын шарттарда және тәртіпте жүргізуі жөнінде есептер табыс етуге міндетті.

3-5. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) мұндай бағдарламалар мен есептер бекітілген кезден бастап екі апта мерзімде кен орнының қорларын байқау үшін пайдалану жөніндегі жобаларды қоса алғанда, жұмыстарының бекітілген жылдық бағдарламалары мен оларды орындау жөніндегі есебінің көшірмелерін ұсынады.

3-6. Осы Жарлыққа сәйкес Контрактінің қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Жер қойнауын пайдаланушы заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Барлау немесе Өндіру объектілерін консервациялауды, жабдық пен өзге мулікті бөлшектеп-бұзуды және Контрактілік аумақтан әкетуді жүзеге асыруға міндетті".

33) 66-бапта:

2-тармақта:

"Өндіруді тоқтатқанда немесе уақытша тоқтатқанда" деген сөздер "Барлауды және (немесе) Өндіруді тоқтатқанда немесе Барлауды және (немесе) Өндіруді тоқтата түрғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Өндіруге қатысы жоқ" деген сөздер "Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

34) 69-баптың 2-тармағындағы "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі өкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 70-бапта:

баптың атауындағы "және лицензия" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөлігіндегі "Лицензиялық" деген сөз "Құзыретті" деген сөзben ауыстырылсын, "іс жүзінде" деген сөздер "Оң практикаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігінде:

"Лицензиялық орган" деген сөздер "Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"40-бабына сәйкес Лицензияны қайтарып алуға құқылы" деген сөздер
"45-2-бабына сәйкес Контрактыны бұзуға құқылы" деген сөздермен
ауыстырылсын;

36) 71-бапта:

"Лицензия мен" деген сөз алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы баппен белгіленген кепілдіктер қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік және денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының өзгерісіне қолданылмайды".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 U952350_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат):

1) 1-бапта:

сегізінші абзацта "алуды" деген сөзден кейін үтір қойылып, "сондай-ақ Табиғи және Мұнай газын кәдеге жарату мен сұйылтуды" деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Контракт аумағы" дегеніміз - Мердігер Контрактіге сәйкес Мұнай операцияларын жүргізуге құқылы Геологиялық және (немесе) Тау-кендік бөлүмен айқындалған аумақ." ;

он үшінші және он төртінші абзацтар алып тасталсын;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Теніз" дегеніміз - судың беті мен қалың қабаты, сондай-ақ Каспий және Аral теңіздерінің қазақстандық бөлігінің шегіндегі Каспий мен Аral теңіздерінің табаны.".

он тоғызыншы абзац алып тасталсын;

жиырмасыншы абзацтағы "Шикі мұнай" деген сөздерден кейін ", Газ конденсаты" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай операциялары" дегеніміз - құрлықта өзендер, көлдер және өзге де ішкі су қоймаларының шектерінде жүргізілетін Барлау, Өндіру, Мұнай жерасты сақтау қоймалары мен резервуарларын салу және оларды пайдалану Мұнай-газ құбырларын салу және оларды пайдалану жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ Теңіздегі мұнай операциялары";

жиырма екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мердігер" дегеніміз - Құзыретті органмен (үәкілдегі мемлекеттік орган) Мұнай операцияларын жүргізуге Контракт жасасқан жеке немесе занды тұлғалар.";

жиырма үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кен орындарын игерудің оңтайлы тәжірибесі" дегеніміз - Мұнай операцияларын жүргізу кезінде ұтымды, қауіпсіз, тиімді және қажеттілік ретінде топтастырылатын Мұнай операцияларын жүргізудің жалпы қабылданған әлемдік практикасы";

жиырма алтыншы абзац алып тасталсын;

жиырма тоғызыншы абзацтағы "далалық" деген сөз алып тасталсын;

бап мынадай ұғымдармен толықтырылсын:

"Жағалау сзығы" - су айдынының ең көп мөлшерде көтерілуі (судың толығуы) нәтижесінде пайда болған жағалау сзығы. Нақты жағалаулық сзықты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

"Теңіздің ластануы" - теңіз аясына материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістің келіп тусуі, сондай-ақ адамдардың денсаулығына, жанды ресурстарға және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не келтіруге қабілетті не теңізде не оның жағалауында заңды қызметті жүзеге асыруши жеке немесе заңды тұлғаларға залал келтіретін не залал келтіруге қабілетті кедергілер тудыратын сәулелер мен өрістердің түрлі үлгілерінің пайда болуы.

"Теңіз құрылыштары" дегеніміз - Мұнай операцияларын жүргізуге арналған жасанды аралдарды, бөгеттерді, қондырғыларды, қозғалмайтын және жүзбелі жабдықты қоса алғанда, теңіздегі кез келген жасанды құрылыштар.

"Теңіз қорғаныштық аймақтары" немесе "қауіпсіздік аймағы" дегеніміз - адамдардың, теңіздің жанды ресурстарының, қоршаған ортаның, сондай-ақ кеме қатынасының, балық аулау шаруашылығының және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес теңізде жүзеге асырылатын басқа да заңды қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен айқындалатын Теңіз құрылыштарының төңірегінде белгіленетін аймақ.

"Теңізде қоршаған органды қорғау жөніндегі ең үздік тәжірибе" дегеніміз - теңіздің Ластануының барынша тәмен деңгейін жасайтын не теңіздің Ластануын толық болдырмайтын, теңізде Мұнай операцияларын жүргізудің жалпыға бірдей қабылданған халықаралық практикасы.

"Мұнайгаз құбырлары" дегеніміз - Мұнайды тасымалдауға арналған труба құбырлары, оның ішінде Арналы труба құбырлары, жинау коллекторының режимінде жұмыс істейтін труба құбырлары, сондай-ақ труба құбырлары жүйесі арқылы не оны бақылау жүйесінің жекелеген бөліктепі арқылы тасымалданатын заттарды тазалау, айыру және сұйылту жөніндегі жабдық пен тетіктер, бақылау және оқшаулар жүйесі, электр химиялық қорғаныс жүйесі және осындаи труба құбырларына қызмет көрсетуге арналған өзге де жабдық.

"Теңіз мұнай операциялары" дегеніміз - Барлау, Өндіру, сондай-ақ Теңізде жүзеге асырылатын Мұнайгаз құбырларын Салу және пайдалану.

"Шекара маңындағы кен орны" дегеніміз - Қазақстан Республикасы аумағының немесе бөлігі басқа шектес немесе қарсы жатқан мемлекеттің заңды құзыретіндегі аумакта орналасқан теңіздің шектеріндегі кен орны.

"Сақтық аймағы" дегеніміз - теңіздің жағалау сыйығынан Қазақстан Республикасының аумағындағы құрлық жағына қарай 5 километрге созылып жатқан аймақ.

"Мұнайгаз құбырларын салу және пайдалану" дегеніміз - құрлықта, өзендерде, көлдерде, теңізде және өзге де ішкі су тоғандарында Мұнайгаз құбырларын салу, төсөу және пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыс (операция).

"Мұнайдың жерасты сақтау қоймалары мен резервуарларын салу және оларды пайдалану" дегеніміз - мұнай мен газдың жерасты сақтау қоймалары мен резервуарларын салу мен пайдалануға байланысты кез келген жұмыс.

"Ұлттық компания" дегеніміз - акцияларының жұз проценті мемлекетке тиесілі, Қазақстан Республикасында тікелей, сондай-ақ Контрактілерге үlestік қатысуы арқылы Мұнай операцияларын басқару үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған жабық акционерлік қоғам.";

2) 2-бапта:

2-тармақта:

"Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералды шикізатты ұқсату туралы Кодексімен және" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен және Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

Мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың принциптері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен белгіленген терминдер мен анықтамалар қолданылады".

3) 5-бапта:

7) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) жыл сайын Құзыретті орган (үекілетті мемлекеттік орган) конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы Участеклерінің (Блоктарының) тізбесін бекітеді.". .

4) 6-баптың 1-тармағында:

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) және 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) инвестициялық бағдарламалардың конкурсын дайындау мен ұйымдастыруды жүзеге асырады және Барлауға, Өндіруге, бірлесіп Барлау мен Өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану Құқығын беруге келіссөздер жүргізеді;

7-2) осы Жарлыққа және Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң құші бар Жарлығының 14 және 15-баптарына сәйкес Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтарды беруге рұқсат етеді;

7-3) жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен және Ұлттық компаниямен бірлесіп Мұнай операцияларын жүргізуге арналған Контракт шарттарының сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.;"

5) 7-баптың 1) тармақшасындағы "Лицензия берілгеннен" деген сөздер "Контракт жасалғаннан" деген сөздермен ауыстырылсын.

6) Мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Ұлттық компанияның міндеттері

Ұлттық компанияның міндеттері:

1) ұдайы өндіру қарқынын пайдалану және мұнай ресурстарын одан әрі арттыру стратегиясын әзірлеуге қатысу;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен Контрактіде міндетті үлестік қатысу арқылы мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігерлермен жасалған Контрактілерде мемлекеттік мүддені білдіру;

3) Қазақстан Республикасының аумағында, Каспий және Арал теңіздері

секторын қоса алғанда, Мұнай операцияларына конкурстар ұйымдастыруға қатысу;

4) Мұнай операцияларымен байланысты жаңа жобаларды әзірлеу және іске асыру болып табылады.";

7) "Мұнай операцияларын жүзеге асыру құқығына арналған инвестициялық бағдарламалардың конкурсы" деген 3-тарау және 8-14-баптар алып тасталсын.

8) мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:

"3-1-тарау. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқық

8-1-бап. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтың пайда болуы

1. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқық:

1) Осы Жарлыққа сәйкес Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру;

2) Осы Жарлықпен белгіленген шектерде Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру;

3) әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтың ауысуы арқылы пайда болады.

2. Жер қойнауын пайдалану Құқығының пайда болуы үшін белгіленген заңдардың нормалары осы Жарлықпен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтың пайда болуымен тен дәрежеде қолданылады.

8-2-бап. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру

1. Мұнай операцияларын жүргізу құқығы конкурсыз негізде басым тәртіппен Ұлттық компанияға беріледі, ал өзге жер қойнауын пайдаланушыларға Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен белгіленген тәртіппен Контракт жасасу жолымен конкурс өткізу нәтижелері негізінде беріледі.

2. Жерасты қоймалары мен Мұнай резервуарларын Салуға және пайдалануға арналған құқық Құзыретті органмен (уәкілетті мемлекеттік орган) тікелей келіссөздер жүргізудің негізінде беріледі.

3. Тенізде Мұнайгаз құбырларын Салуға арналған құқық тиісті мемлекеттік органның рұқсаты арқылы беріледі.

4. Тенізде Мұнайгаз құбырларын пайдалануға арналған құқық Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган) тиісті рұқсаты арқылы беріледі.

8-3. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтарды беру

1. Барлау, Өндіру, бірлесіп Барлау жүргізу мен Өндіруге арналған, сондай-ақ жер асты қоймалары мен Мұнай резервуарларын Салуға және пайдалануға арналған құқықтарды беруге Контарктіге тиісті өзгерістер енгізу арқылы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен

белгіленген тәртіpte жол беріледі.

2. Тенізде Мұнайгаз құбырларын Салуға және оларды пайдалануға арналған құқықты беруге жол берілмейді.";

9) "Барлау мен өндіруді лицензиялау" деген 4-тaraу және 15-24-баптар алып тасталсын.

10) 25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мұнай операцияларын жүргізу үшін Контрактілердің мынадай түрлері:

1) Барлау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған Контракт;

2) Барлау және Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған Контракт;

3) өнімді бөлу туралы Контракт;

4) Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы Контракт;

5) жерасты қоймаларын және Мұнай резервуарларын Салуға және (немесе) пайдалануға арналған Контракт қолданылады.";

11) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Контрактінің қолданылу шарты мен мерзімі

1. Барлауға арналған Контракт алты жыл мерзімге жасалады. Мердігердің Контрактінің қолданылу мерзімін Контрактіде және тиісті жұмыс бағдарламаларында айқындалған міндеттемелерді Мердігер орындаған жағдайда ұзартуға құқығы бар. Контрактінің қолданылу мерзімі әрбір кезеңі екі жылға дейін ұзақтықпен екі рет ұзартылуы мүмкін. Мұнай табылған жағдайда Мердігердің Контрактінің қолданылу мерзімін Коммерциялық табуды бағалау үшін қажетті кезеңге ұзартуға құқығы бар.

2. Өндіруге арналған Контракт 25 жылға жасалады. Кен орындарында қоры 100 миллион тоннадан асатын Шикі мұнайды және (немесе) 100 миллиард текше метрден асатын Табиғи газды алуға арналған Өндіру Контрактісі 40 жылға дейін мерзімге жасалуы мүмкін.

Өндіруге арналған Контрактінің мерзімі, егер Мердігер мерзімді ұзартуға Контрактінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 12 айдан кешіктірмей өтініш жасаған болса, Мердігер мен Құзыретті органның (үәкілетті мемлекеттік орган) өзара келісімі бойынша Өндіруге арналған Контрактінің мерзімі ұзартылуы мүмкін.

3. Бірлесіп Барлау мен Өндіруге арналған Контракт ұзартудың мүмкін мерзімдері ескеріле отырып, Барлау мен Өндіру мерзімін қамтитын мерзімге жасалады. Бұл ретте мерзімдерді ұзартуға осы баптың 1-тармағымен белгіленген ережелер қолданылады.

4. Контрактінің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінім ол Құзыретті органға (үәкілетті мемлекеттік орган) келіп түсken күннен бастап 3 айдан кешіктірілмей қаралуы тиіс. Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган) оң шешім қабылдаған жағдайда Контрактіге тиісті өзгерістер енгізіледі.

5. Контракт шарттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуі тиіс. Контракт жасау кезінде Контрактінің қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін шарттары Контракт жасалған кезден бастап жарамсыз деп есептеледі.

6. Контракт шарттары тараптардың өзара келісімімен Үлгілік контрактінің ережелері ескеріле отырып айқындалады.

7. Контракт тараптарының арасында міндетті түрде келісуге жататын Контракт шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

12) мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Контрактінің қолданылуының аумақтық аясы

1. Қазақстан Республикасының аумағы, Блоктардың шекарасы Қазақстан Республикасының шекарасымен түйісетін жағдайларды қоспағанда, тік бұрыш нысанындағы Блоктарға бөлінеді. Эрбір блогының өзінің реттік нөмірі және географиялық координаттары бар Блоктардың картасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Контракт аумағы өзіне бір Блокты немесе бір-бірімен аралас, сондай-ақ бөлек-бөлек Блоктар жүйесін қамтиды. Контракт аумағы ретінде бөлінетін Блок (Блоктар) белгілі бір терендікпен шектеліне алады (шектелінуі мүмкін). Тенізде Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру кезінде Контракт аумағы оның шекараларының географиялық координаттары көрсетіле отырып, Контрактіде көрсетілген қызметке рұқсат етілетін шектердегі теңіз табандының алаңымен айқындалады.

3. Егер Мұнай операцияларының процесінде Кен орындары жерлерінің географиялық шекаралары Контракт аумағының шегінен шығып кеткендігі анықталса, онда оны кеңейту туралы мәселені Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) қосымша шешуі тиіс.

4. Контракт аумағын қайтарудың тәртібі Контрактіде айқындалады.

5. Контракт аумағының бөліктерін қайтару Контракт аумағынан қайтарылатын бөліктерді қоспағанда, Геологиялық бөлуді қайта ресімдеу жолымен жүзеге асырылады . Аумақтарды қайтаруға байланысты ресімделетін геологиялық бөлуді жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган дайындайды және береді.".

13) 27-бапта:

1-тармақтағы "мен санитария" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын.

14) 28-бап алып тасталсын.

15) мынадай мазмұндағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап. Мұнай операцияларын тоқтата тұру, Контрактіні тоқтату және оны жарамсыз деп тану

Мұнай операцияларын жүргізуге арналған Контрактілерге Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі

Операцияларды тоқтата тұрудың, Контрактіні тоқтатудың және жарамсыз деп танудың ережелері мен тәртібі қолданылады".

16) 29-бапта:

1-тармақта "Егер сол өзгертулер Лицензияның талаптарына сәйкес келсе," деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "Лицензияны қайтарып алу Контрактіні тоқтатуға апарып соғады." деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ алып тасталсын;

17) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Мұнай операцияларын жүргізудің шарттары

1. Мұнай операцияларын жүзеге асырушы Мердігер Мұнай операцияларын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ Контрактіде айқындалған тәртіп пен шарттарда жүргізуге міндетті. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер мемлекеттік органдардың осы Жарлыққа және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес олардың өз құзыреті шегінде берген талаптарын сактауға және атқаруға міндетті.

2. Барлау мен Өндіруді жүзеге асыратын Мердігер Барлау мен Өндіру жөніндегі операцияларды жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүргізуге міндетті.

3. Мердігер Барлау мен Өндіру бағдарламалары мен жобаларын өзірлеу кезінде, сондай-ақ жүргізілетін Барлау мен Өндіру процесінде Кен орындарын игерудің он тәжірибесін басшылыққа алуға міндетті.

4. Барлауды жүзеге асыратын Мердігердің Кен орны қорларын байқау үшін

пайдалану жүргізуге, егер ол жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен келісілген жобада немесе жылдық жұмыс бағдарламасында көзделген жағдайда ғана құқығы бар.

5. Кен орнындағы мұнайдың қоры, сондай-ақ Мұнайдың алыну деңгейі Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органы жүргізетін мемлекеттік сараптауға және бекітуге жатады".

18) мынадай мазмұндағы 30-1, 30-2, 30-3, 30-4, 30-5, 30-6, 30-7, 30-8 және 30-9-баптармен толықтырылсын:

"30-1-бап. Ең аз жұмыс бағдарламасы, жұмыс бағдарламасы және жылдық жұмыс бағдарламасы

1. Барлау жөніндегі ең аз жұмыс бағдарламасы Мердігердің Контракт аумағындағы бүкіл барлау кезеңі ішінде Барлау жүргізу жөніндегі міндеттемелерін айқындаиды. Ең аз жұмыс бағдарламасы Мердігердің іздестіру және барлау скважиналарының белгілі бір ең аз санының бұрғылау жөніндегі міндеттемелерін, сондай-ақ бүкіл Контракт аумағы үшін не алаңының бірлігіне белгіленетін не жүргізілген Барлаудың нәтижесінде жүзеге асырылатын Барлау бойынша ең аз шығыстарын қамтиды. Ең аз жұмыс бағдарламасы сондай-ақ Мердігердің Контракт аумағының шектерінде геофизикалық және сейсмологиялық зерттеулер жүргізу жөніндегі міндеттерін айқындаі алады.

2. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) Мердігерді, егер Мердігер, орындау, конкурста қабылданған жағдайларды қоспағанда, Мердігерге қатысы жоқ белгілі бір мән-жайлардың болуына байланысты оның орындалуы ақылға сыйымды еместігін дәлелдеген жағдайда, ең аз жұмыс бағдарламасының кез келген бөлігін орындаудан босатуға құқылы.

3. Жұмыс бағдарламасы Контрактіге қосымша болып табылады және Контрактінің қолданылуының бүкіл кезеңі ішінде Барлау жүргізудің және (немесе) Өндірудің шарттарын айқындаиды.

4. Барлау мен Өндіруді жүзеге асыруға арналған жылдық жұмыс бағдарламасы Контракт айқындаитын тәртіп пен мерзімде жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен міндетті түрде келісілуі тиіс. Егер Контрактіде өзгеше белгіленбесе, жылдық жұмыс жоспары әрбір күнтізбелік жылдың Контракт жасалған айынан кейінгі айының 30-нан кешіктірілмей бекітілуі тиіс. Жылдық жұмыс жоспарына Барлау мен Өндіру бағдарламалары кіреді, жүргізіletіn іс-шаралар мен жұмыстарды Барлау мен Өндіру процесінде Мердігер жүзеге асыратын осындай жұмыстарды орындау мен қажетті жабдықты сатып алуға байланысты шығыстарды егжей-тегжейлі айқындаиды, сондай-ақ осы жұмыс бағдарламасы бекітіletіn күнтізбелік жылдағы Өндірудің ең төмен және ең жоғары деңгейлерін белгілейді.

5. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) Мердігер табыс еткен бекітілген жылдық жұмыс бағдарламалары мен есептерінің көшірмелерін осындай бағдарламалар мен есептер бекітілген күннен бастап екі апта мерзімде береді.

6. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) Мердігерден өзінің бастамашылығы бойынша не жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органның қорытындысының негізінде, жылдық бағдарламасының жобасы Кен орындарын игерудің Оң практикасына сәйкес келмейді не Жер қойнауын пайдалану принциптерін бұзуға әкеп соғады не адамдардың өмірі мен денсаулығы не табиғи орта үшін қолайсыз зардаптардың тәуекелін негізсіз өсіруге байланысты деген талаппен жылдық жұмыс бағдарламасының жобасын өзгертуді талап етуге құқылы. Егер Мердігер Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган) талаптарымен

келіспесе, ал Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) өзінің талаптарын қайтарып алуға келіспесе, Мердігер дауды осы Жарлықтың 58-бабына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

7. Жылдық жұмыс бағдарламасына Мердігер ұсынған кез келген өзгеріс жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен міндетті турде келісілуі тиіс.

30-2-бап. Мұнай операцияларын жүргізу процесінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар

1. Мұнай операцияларын осы Жарлыққа сәйкес жүзеге асыратын Мердігер Мұнай операцияларын жүргізу процесінде Кен орындарын игерудің Оң практикасын және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарын басшылыққа ала отырып адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қатер тудыратын авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөнінде барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

2. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер Мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын әзірлеуге және оны жылдық жұмыс бағдарламасымен бірге Барлау жүргізу мен Өндіру кезінде не жыл сайын, Мұнайгаз құбырларының Құрылышын Салу және оны пайдалану кезінде, сондай-ақ Мұнайдың жер асты сақтау қоймалары мен резервуарларын Салуда және оны пайдалану кезінде жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органда бекітуге міндетті.

30-3-бап. Кен орнын бағалау

1. Егер Барлау жүргізуі Мердігер кен орнын ашқан жағдайда осы Мердігер бұл туралы Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) және жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға хабарлауға, Кен орнын бағалау жүргізуге және Контрактіде белгіленген тәртіп пен шарттарда оның коммерциялық немесе коммерциялық емес мәні туралы қорытынды әзірлеуге міндетті.

2. Егер Контрактіде өзгеше белгіленбесе, Мердігер Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) мен жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға Кен орнының ашылуы туралы осындағы ашылу кезінен бастап 30 күннің ішінде хабарлауға және Кен орнын алдын ала бағалау жүргізуге кірісуге міндетті.

30-4-бап. Табиғи газды Барлау және Өндіру

1. Табиғи газды Коммерциялық табу жағдайында Мердігер кен орнына Өндірудің басталуы қандай деңгейді талап етсе, сондай шамада, Контрактіде өзгеше белгіленбек жағдайда, деру Барлауға кірісуге және оны жүзеге асыруға міндетті.

2. Табылған Кен орнынан табиғи газды беру бойынша мәміле жасалғанға дейін Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган) Табиғи газды Өндіруді талап етуге құқығы жоқ, ал Мердігер бастауға міндетті емес. Бұл ретте Контрактінің қолданылу мерзімі Табиғи газ табылған кен орнынан, егер Контрактіде өзгеше көзделмесе, Табиғи газды беру бойынша тиісті мәмілелер жасау кезіне дейін үзіледі.

3. Егер Мердігер Табиғи газды беру бойынша бір жыл ішінде мәмілелер жасамаған болса, Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) үшінші тұлғаның Мердігермен мәміле жасауға келісуі жағдайында Мердігерден ақылға сыйымды жағдайда үшінші тұлғамен, оның ішінде берілетін газды кейін қайта сату мақсатында отандық не шетелдік тұтынушыларға газды беру жөнінде шарт жасауын талап етуге құқылы.

Егер Мердігер және Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) белгілеген мұндай үшінші тұлға осы мәселе бойынша келісімге келе алмайтын болса, олар бұл дауды сот тәртібімен шешуді талап етуге құқылы.

30-5-бап. Барлау және Өндіру кезінде ілеспе және (немесе) Табиғи газды жағу

1. Барлау мен Өндіруді бастау үшін, жабдықтардың монтажы үшін не Барлау мен Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуінде қауіпсіздігі мақсатымен осындай жағу жағдайларын қоспағанда, Ілеспе және (немесе) Табиғи газды алуда және өзге тәсілмен жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органның жазбаша рұқсаты болмайынша жағуға тыйым салынады.

2. Ілеспе немесе Табиғи газ жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органның рұқсатынсыз жағылған жағдайда, осы баптың 1-тармағына сәйкес Мердігер жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға мұндай жағу туралы 10 күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлама ілеспе немесе Табиғи газды жағудың себептері және жағылған газдың көлемі жөнінде мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Мердігердің өтінішінің және тиісті сараптау қорытындысының негізінде ілеспе немесе Табиғи газды осы баптың 1-тармағына сәйкес жағылатын көлемнен артық жағуға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органның тиісті қорытындысы болған кезінде, ілеспе немесе Табиғи газды кәдеге жарату не кейін тасымалдау үшін сұйылту мүмкін болмайтын не экономикалық жағынан тиімсіз болған жағдайда жазбаша рұқсат беруге құқылы.

4. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган қоршаған

ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органның қорытындысы негізінде, егер мұндай жағу адамдардың өмірі мен денсаулығы немесе қоршаған орта үшін қауіп тудыратын болса, ілеспе немесе Табиғи газды жағуға кез келген жағдайда рұқсат беруден бас тартуға құқылы.

30-6-бап. Мердігердің Барлау жүргізу мен Өндіру нәтижесінде орын алған шығыстарын өтеу

1. Мердігердің Барлау мен Өндіру процесінде шеккен шығындары Контрактіде көзделген тәртіп пен жағдайларда өтелуге тиіс.
2. Егер Контрактпен өзгеше белгіленбесе, Мердігердің Барлау процесінде шеккен шығындарын өтеу Өндіру басталғаннан кейін ғана Мердігерге меншігіне шығындарды өтеу үшін өндірілетін Мұнайдың үлесін беру есебінен жүргізіледі.
3. Егер Контрактіде өзгеше белгіленбесе, Мердігер өндірілген Мұнайдың 50 проценті құнынан аспайтын көлемде өзінің шығыстарын құнтізбелік жылда өтеуді талап етуге құқығы жоқ. Бұл ретте шығындарды өтеуге бөлінетін Мұнайдың құны салық заңдарымен белгіленген амортизациялық аударымдардың ставкасынан аспайды. Құнтізбелік жылда өтелмеген шығындар өтеу үшін келесі құнтізбелік жылға ауыстырылады.

30-7-бап. Мердігердің жабдық пен өзге мүлікке меншігі

1. Барлау жүргізу мен Өндіру үшін Мердігер пайдаланған жабдық пен өзге мүлікке, ақшаны, бағалы қағаздар мен басқа да өндірістік емес мүлікті қоспағанда меншік құқығының көшу, сондай-ақ мұндай көшудің өтем мәселелері Контрактіде белгіленеді.
2. Жабдық пен мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына көшүіне қарамастан, Контракт аумағынан мұндай жабдық пен мүлікті жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органның немесе Құзыретті органның (үәкілетті мемлекеттік орган) талап етуі бойынша Контрактің қолданылу мерзімі ішінде сондай-ақ мұндай жабдықтың немесе мүліктің басқа жер қойнауын пайдаланушыға берілген жағдайларын қоспағанда, Құзыретті органның (үәкілетті мемлекеттік орган) нұсқауына сәйкес, не Контрактіде өзгеше белгіленген кезде, Контрактің қолданылу мерзімі өткен кезден бастап бір жылдың ішінде мұндай мүлік пен жабдықты Контракт аумағында өзінің есебінен бөлшектеу не әкету міндеттілігі Мердігерде сақталады.

3. Мұндай жабдық пен мүліктің тиесілілігіне қарамастан Контракт аумағынан жабдық пен өзге мүлікті бөлшектеу мен әкетуді Мердігер адамдардың өмірі, денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілмен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және Құзыретті органның (үәкілетті мемлекеттік орган) нұсқауларына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

30-8-бап. Шекара маңындағы кен орындарында Барлау мен Өндірудің ерекшелігі

1. Егер жүргізілетін Барлаудың немесе Өндірудің нәтижесінде Мердігер Кен орны Шекара маңындағы кен орны болып табылатындығын анықтаған жағдайда мұндай Мердігер бұл туралы Құзыретті органға (үәкілдегі мемлекеттік орган) дереу хабарлауға міндетті.

2. Аумағында не құқықтық құзыретінде осы Шекара маңындағы кен орнының бір бөлігі бар мемлекетпен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық келісімдері болмаған жағдайда, Құзыретті орган (үәкілдегі мемлекеттік орган) Шекара маңындағы кен орнында мұндай мемлекетпен тиісті келісімге қол жеткізгенге дейін Барлау мен Өндіруді тоқтата тұруды талап етуге құқылы. Бұл ретте Контракт Құзыретті орган (үәкілдегі мемлекеттік орган) жүргізілген Барлау мен Өндіруді қайта бастауға рұқсат бергенге дейін өзінің қолданылуын үзген болып есептеледі.

3. Осы Жарлықтың және Қазақстан Республикасының Жер қойнауы туралы зандарының нормалары Шекара маңындағы кен орнында Барлау мен Өндіру жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

30-9-бап. Сақтық аймағының шектерінде Мұнай операцияларын жүргізу

1. Сақтық аймағының шектерінде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер осы Мұнай операцияларын теңіз суының деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің Ластануын болдырмайтындей не барынша төмендететіндей етіп жүргізуге міндетті.

2. Сақтық аймағының шектерінде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер Мұнай операцияларын жүргізудің және теңіз суының деңгейі көтерілуінің нәтижесінде теңіз Ластанған жағдайда қоршаған ортаға не басқа жеке немесе занды тұлғаларға келтірілген залал үшін жауапкершілікте болады.

3. Сақтық аймағының шектерінде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер теңіздің Ластануын болдырмау жөнінде арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге және мұндай бағдарламаларды осы Жарлықтың 30-2-бабында белгіленген тәртіппен бекітуге міндетті.

Мұндай бағдарламалар теңіз аясын қорғаудың тиісті дәрежесімен Барлау және Өндіру объектілерін жедел консервациялау бағдарламасын, су басқан аймақтан сакталған Мұнайды, материалдарды, бұрғылау ерітінділерін және қоршаған ортаға, теңіз бен өзге шаруашылық қызметін дұрыс пайдалануға зиян келтіруге қабілетті өзге де заттарды әкетуді, сондай-ақ теңіз Ластанған жағдайда суды бөгеу мен тазалау

жөніндегі бағдарламаларды қамтуы тиіс.

4. Теніз Ластанған жағдайда осы бапқа сәйкес Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер қолданған алдын алу шараларына қарамастан, мұндай Мердігер өзінің қолы жететін барлық құралдармен теңіздің Ластануының зардалтарын жою не қауіптілігін төмендету үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндettі.";

19) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Кен орнында бірынғай объект ретінде Барлау және Өндіру

1. Егер Барлауды, Өндіруді немесе бірлесіп Барлау мен Өндіруді жүзеге асыратын Мердігер Контракт аумағындағы Кен орнының, сондай-ақ Контракт аумағының шегінен тысқары аумакқа іргелес орналасқандығын анықтаса, бұл Мердігер Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) одан әрі Барлау жүргізу және Өндіру үшін табылған Кен орнының мүмкін болатын шекараларының шектерінде Контракт аумағын кеңейту мақсатында дереу өтініш жасауға міндettі.

2. Контракт аумағын қайта қарау Геологиялық не, сондай-ақ Тау-кендік белуді қайта ресімдеу жолымен Контрактіге, сондай-ақ қажет болғанда жылдық жұмыс бағдарламасында тиісті өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген Кен орнының қандай да болсын бөлігі басқа Мердігердің Контракт аумағының шегінде болған жағдайда, осы Мердігерлер өздерінің таңдауы бойынша:

1) осы Кен орнында Барлау жүргізу және (немесе) Өндіру құқығына ие тек бір ғана Мердігер немесе бір Контрактінің негізінде ішінара Құқыққа ие бірнеше Мердігер қалатындағы етіп жер қойнауын пайдалану Құқығын беру кезінде белгіленген беру рәсімдерін сақтай отырып Барлау жүргізу және (немесе) Өндіруге арналған өздерінің құқықтарын беруге;

2) Кен орнына, бірынғай тұтас нәрсе ретінде, бірлесіп Барлау жүргізу мен Өндіру туралы шарт жасасуға, мұндай шарт туралы Құзыретті органмен (уәкілетті мемлекеттік орган) алдын ала келісуге міндettі.

4. Мердігерлер осы баптың 3-тармағын сақтамаған жағдайда, Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) бірынғай объект ретінде, Кен орнында бірлесіп Барлау мен Өндіру туралы Мердігерлерді шарт жасасуға сот тәртібімен мәжбүр етуге құқылы. Бірлесіп Барлау мен Өндіру не Өндіру туралы шартты жасау кезінде бірынғай ең төмен , Барлау жүргізу қажет болғанда, бүкіл Кен орны үшін жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен міндettі түрде келісуге жататын жұмыстардың жұмыс және

жылдық бағдарламаларын әзірлейді.

5. Бірлесіп Барлау мен Өндіруді жүзеге асыратын Мердігерлер өздеріне

Контрактпен, сондай-ақ ең төмен, міндетті және жылдық жұмыс бағдарламасымен жүктелген міндеттерді орындау бойынша ортақ жауапкершілікте болады.";

20) 32, 33 және 34-баптар алып тасталсын.

21) мынадай мазмұндағы 6-1-тараumen толықтырылсын:

"6-1-тaraу. Тенізде және ішкі су қоймаларында Мұнай операцияларын жүргізу

36-1-бап. Тенізде және ішкі су қоймаларында Мұнай операцияларын жүргізуудің жалпы шарттары

1. Тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер осы операцияларды әдетте теңіздің нақты учаскесінде жүзеге асырылатын теңіз кеме қатынасына, балық аулауға және өзге де занды қызметке кедергі және зиян келтірмейтіндегі етіп жүзеге асыруға тиіс. Бұл ретте Тенізді осындай занды түрде пайдалануды жүзеге асыратын Мердігерлер өз кезегінде Теніз қорғаныш аймағының немесе қауіпсіздік аймағының режимін сақтауға тиіс.

2. Тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігерлер теңізде қоршаған ортаны қорғаудың ең Таңдаулы практикасын басшылыққа алуға міндетті.

3. Тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер теңізде жүргізілген Мұнай операцияларының нәтижесінде пайда болған теңіздің Ластануы жағдайында қоршаған ортаға және жеке немесе занды тұлғаларға келтірілген зиян мен залал үшін, мұндай тұлғаның кінәсінің болу-болмауына қарамастан, жауапкершілікте болады.

4. Тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер теңіздің Ластануын болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге және мұндай бағдарламаларды осы Жарлықтың 30-2-бабында белгіленген тәртіппен бекітуге міндетті. Мұндай бағдарламаларда жүргізілетін Мұнай операцияларына ішкі бақылау, қызметкерлерді оқыту, скважиналарды бақылауға алу жөніндегі іс-шаралар, авариялық және өзге де қауіпті жағдайлар пайда болған және теңіз Ластанған жағдайда қажетті жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз етуді не сондай-ақ теңізде аварияларды және олардың зардаптарын жоюға маманданған өзге де ұйымдарды тартуды қамтуға тиіс.

5. Теніз Ластанған жағдайда теңізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламаларға сәйкес қолданған алдын алу шараларына қарамастан, мұндай Мердігер бұл үшін өзінің қолы жететін барлық құралдармен теңіздің Ластануын жою

не оның деңгейін төмендету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолдануға міндettі.

6. Тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігер өзінің есебінен мұндай тұлғаның меншігіндегі не пайдалануындағы Теңіз құрылыштарына инспекциялар жүргізу үшін мемлекеттік органдардың өкілдерін, мұндай мемлекеттік органдардың өкілдері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес осы инспекцияларды жүргізуге өкілетті болған жағдайда тасымалдауды ұйымдастыруға міндettі. Теңіз құрылыштарында мемлекеттік органдар өкілдерінің инспекцияларын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады және ол тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігердің қалыпты қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.

7. Тенізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігердің мемлекеттік органның жазбаша рұқсатын алмай Теңіз құрылышын салуды немесе орналастыруды бастауға құқығы жоқ. Рұқсатты алу үшін мұндай Мердігер мемлекеттік органға Теңіз құрылышының жоспарланған орналастырылуына не құрылышының басталуына дейін 4 айдан кешіктірмей өтініш жасауға міндettі. Өтініште жоспарланған Теңіз құрылышының не осындағы Теңіз құрылышын салу жөніндегі жүргізілетін жұмыстардың сипаты, мерзімі мен орналасқан жері болуы тиіс. Мемлекеттік орган теңізде Мұнай операцияларын жүзеге асыратын Мердігердің өтінішін қарауға және өтініш берген сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей тиісті шешім қабылдауға міндettі.

8. Ішкі су қоймаларындағы Мұнай операцияларына теңіздегі Мұнай операциялары үшін белгіленген осы Жарлықтың ережелері қолданылады.

36-2-бап. Тенізде Барлау жүргізу мен Өндіру шарттары

1. Тенізде Барлауды жүзеге асыратын Мердігер іздестіру және барлау скважиналарын бұрғылауға Контракт аумағының барлық қажетті геофизикалық және сейсмологиялық зерттеулер жүргізілген жағдайда ғана құқылы.

2. Мердігердің іздестіру, барлау, пайдалану скважиналарын немесе өзге де скважинаны бұрғылауды, бұрын бұрғыланған скважина бақылаудан алынған кезінде, мұндай скважинаны бақылауға алуға өзге әдістерді қолдану мүмкін емес не қалыптасқан мән-жайларда тиімсіз болып табылатын қысымды шығарып тастауға арналған тығындау скважинасын бұрғылауды қоспағанда, Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік орган) жазбаша рұқсаты болмай бастауға құқығы жоқ. Бұл ретте Мердігер Құзыретті органға (уәкілетті мемлекеттік орган) мұндай тығындау скважинасын бұрғылаудың басталуы туралы осындағы тығындау скважинасын бұрғылау туралы шешім қабылдауға әсер еткен нақты мән-жайлар мен себептерді көрсете отырып қисынды мерзімде жазбаша хабарлауға міндettі.

3. Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган) скважинаны бұрғылауға

Мердігерде не оның тартқан қосалқы мердігерінде бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті лицензия болған кезде, Мердігерге жылдық жұмыс бағдарламасы және авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламалар жүктелген жұмыстарды орындау фактісін белгілейтін Теніз құрылышы жөніндегі тиісті инспекцияның қорытындысы болғанда, Мердігердің осы скважинаны бұрғылауы кезінде пайдалану тәуекелді міндетті сақтандыру жөніндегі міндеттемелерді сақтау фактісі, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органның мұндай скважинаны бұрғылаудың жобасы жөнінде тиісті қорытындысы болғанда және мемлекеттік орган берген Теніз құрылышын салуға не орналастыруға рұқсаты болған кезінде рұқсат береді. Отінішке мұндай өтініште көрсетілген фактілерді растайтын тиісті құжаттар қоса тіркелуге тиіс.

4. Құзыретті органның (үәкілетті мемлекеттік орган) жазбаша рұқсаты болмаса ішкі қабаттық қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және Табиғи газды айдауға тыйым салынады. Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган) мұндай рұқсатты ішкі қабаттық қысымды ұстаудың өзге де әдістері тиімсіз болған жағдайда және мұндай айдау қоршаған орта мен адам өмірі үшін қауіпсіздіктің жеткілікті деңгейін иеленсе, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органның мұндай айдауды сипаттайтын жоба бойынша тиісті қорытындысы болған кезде беруге құқылы.

5. Тенізде Барлау мен Өндіруді жүзеге асыратын Мердігердің Теніз құрылышында, не 30 минуттық қол жетерлік шектерінде Тенізді тазалау жөніндегі жұмыстар Жүргізу үшін қажетті мөлшердегі тиісті жабдығы, материалдары мен заттары болуға міндетті.

6. Теніздегі авариялық және өзге де қауіпті жағдайларды болдырмаудың осы Жарлыққа сәйкес бекітілетін бағдарламалары Барлау жүргізу мен Өндіру кезінде теніздің Ластануы салдарынан Тенізді дереу оқшаулау және тазалау жөніндегі шараларды қамтуға тиіс.

36-3-бап. Тенізде Мұнайгаз құбырларын Салу және пайдалану

1. Тенізде Мұнайгаз құбырларын Салуды және оны пайдалануды жүзеге асыратын мердігер Мұнайгаз құбырларының құрылышын, монтажын немесе оны төсөу жөніндегі жұмысты мемлекеттік органның жазбаша рұқсаты болмай бастауға құқығы жоқ. Мұндай рұқсат осы Жарлықтың 36-1-бабының 7-тармағымен белгіленген жалпы тәртіпте беріледі.

2. Тенізде Мұнайгаз құбырларын Салуды және пайдалануды жүзеге асыратын Мердігердің Құзыретті органның (үәкілетті мемлекеттік орган) жазбаша рұқсаты болмай бастауға құқығы жоқ. Құзыретті орган (үәкілетті мемлекеттік орган) рұқсат беру туралы шешімді осы тұлғаның өтінішінің негізінде өтініш берілген кезден бастап 30 күннен кешіктірмей Мұнайгаз құбыры жөніндегі тиісті инспекцияның қорытындысы болған, осы Мердігердің тәуекелді міндетті сақтандыру жөніндегі міндеттін сақтау

фактісі, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік орган бекіткен Мұнай немесе газ құбырында авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі бағдарламасы болған жағдайда қабылдайды.

**36-4-бап. Тенізде Мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын
Салу және оны пайдалану**

1. Тенізде Мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын Салуға және оны пайдалануға тыйым салынды.

2. Мұнайды уақытша сақтауды (20 күннен аспайтын) қоспағанда, мұндай Мұнайды танкерлермен Теніз құрылыстарынан тікелей тасымалдау кезінде Теніз құрылыстарында Мұнайды сақтау мен қоймада ұстауға тыйым салынады.

**36-5-бап. Жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен
қондырғылар**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі тенізде Мұнай операцияларын жүргізуге, ғылыми зерттеулер мен басқа да мақсаттарға арналған жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды қоршаған орта мен биоресурстардың қорғалуы мен сақталуы жағдайында салуға, пайдалануға және іске қосуға рұқсат беру мен реттеуде ерекше құқыққа ие.

2. Мұндай жасанды аралдардың, бөгеттердің, құрылыстар мен қондырғылардың төңірегіне қауіпсіздік аймақтары орнатылады, олар оның сыртқы шегінің әрбір нүктесінен бастап 500 метр арақашықтыққа созылып жатады. Аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар, сондай-ақ оларды қоршаған қауіпсіздік аймақтары халықаралық кеме қатынасы мен балық шаруашылығы үшін елеулі мәні бар әдеттегі теніз жолдарына кедергі болмайтын жерлерде орналасады.

3. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды ұстау мен пайдалануға жауапты ұйымдар олардың күзетілуін, сондай-ақ олардың орналасқан жері туралы ескерту бойынша тиісті құралдардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар, егер олар шаруашылық немесе өзге мақсаттарға пайдаланылмайтын болса, адамдардың қауіпсіздігіне қатер, кеме қатынасына немесе балық шаруашылығына кедергі келтірмейтіндей дәрежеге дейін бөлшектелуге тиіс.

5. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды жасау, пайдалану және іске қосу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мұнай операцияларын жүргізу кезінде жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды монтаждауға, пайдалану мен іске қосуға рұқсат берудің тәртібі мен шарттары туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

**36-6-бап. Тенізде Мұнай операцияларын жүргізуге байланысты
қалдықтарды тастау және көму**

1. Тенізде Мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды тенізге тастау мен көмуге тыйым салынады.
2. Тенізге техникалық суларды ағызу мемлекеттік бақылаушы органдардың рұқсатымен және бақылауымен ғана оларды белгіленген нормативтерге дейін тазалау жағдайында жүзеге асырылады.

36-7-бап. Теніз ғылыми зерттеулері

1. Теніз ғылыми зерттеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Теніз ғылыми зерттеулерін жүргізудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.
2. Теніз ғылыми зерттеулерін қазақстандық та, сондай-ақ шетелдік те заңды және жеке тұлғалар, шетелдік мемлекеттік және құзыретті халықаралық ұйымдар жүзеге асыра алады.
3. Теніз ғылыми зерттеулерін жүргізу кезінде мынадай принциптер сақталуы тиіс:
 - 1) теніз ғылыми зерттеулері Тенізді заңды түрде пайдалануды жүзеге асыратын басқа тұлғаларға өзін-өзі ақтамайтын кедергілер жасамауы тиіс;
 - 2) теніз ғылыми зерттеулері табиғат қорғау шараларын сақтай отырып ғылыми әдістермен және құралдармен тиісті түрде жүргізіледі;
 - 3) теніз ғылыми зерттеулері процесінде жиналған барлық деректер

олар өндөлген және талданған соң Қазақстан Республикасына берілуге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдын ала рұқсатынсыз еркін таратылмауға және жарияланбауға тиіс.;

22) 38-бапта:

"Лицензиялық орган" деген сөздер "Құзыретті орган (уәкілетті мемлекеттік орган)" деген сөздермен ауыстырылсын.

"24-бабына сәйкес лицензияны қайтарып ала алады" деген сөздер "28-1-бабына сәйкес Контрактіні бұзуға құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

23) 40-бапта:

- 1) тармақшадағы "Лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын;
- 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Мұнай операцияларын жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін көбіне Қазақстан Республикасы ұйымдары арасынан қосалқы мердігерлерді тарту;" ;

5) тармақшадағы "19" деген цифр "26" деген цифмен ауыстырылсын.;

24) 41-бапта:

2) тармақшадағы "Лицензия мен" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "Қолдану құқығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "адамдардың" деген сөздің орнына "мердігерлердің деген сөз жазылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында конкурс өткізумен байланысты, олар стандарттар мен басқа да талаптарға сай болған жағдайда, Қазақстан Республикасында өндірілген материалдар мен дайын өнімді міндетті түрде пайдалануға;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) егер бұл қызмет көрсетулер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында қонкурстар өткізумен байланысты стандарттарға және басқа да талаптарға сай болса, әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, Мұнай операцияларын жүргізу кезінде жұмыс атқару мен қызмет көрсету үшін қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарды міндетті түрде қатыстыруға;

12) тармақшадағы "Лицензиялық органға" деген сөздер "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын.;

25) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

"53-1-бап. Қолданылатын құқық

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға, сондай-ақ теңіздегі Мұнай операцияларына Қазақстан Республикасының ерекше құқығы қолданылады.

2. Құзыретті органмен (үәкілетті мемлекеттік орган) жасалатын Контрактілерде шетелдік құқықты қолдану туралы шарт белгіленбейді.

3. Шекара маңындағы кен орындарында жүргізілетін теңіздегі барлау және Өндіру, бірлесіп Барлау және Өндіру жөніндегі Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға, егер ол Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында тікелей көзделген болса, Қазақстан Республикасына қарама-қарсы немесе шектес жатқан

мемлекеттің құқығы қолданылады.";

26) 54-бапта:

"Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату кодексіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қантардағы заң күші бар Жарлығына" деген сөздермен ауыстырылсын.

27) 55-бапта:

1-тармақта "Мердігерлер" деген сөздің алдынан "Мұнай операцияларын жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;.

Мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Тенізде Барлау мен Өндіруді жүзеге асыратын Мердігерлер мұліктік тәуекел мен жауапкершілік тәуекелін:

- 1) скважинаны бақылауға алу жөніндегі шығыстары;
- 2) скважина бақылаудан шыққан жағдайда, қайта бұрғылау операциялары бойынша шығыстары;
- 3) теңіздің Ластануы жағдайында тазалау және оқшаулау жөніндегі шығыстары;
- 4) теңізде авариялық жағдайлар мен олардың зардаптарын жою бойынша мамандандырылған компанияларды тарту жөніндегі шығыстары бойынша сақтандыру өтеуін қамтамасыз ететіндей түрде сақтандыруға міндетті".

28) 57-бапта:

"берілген және", "Лицензиялар мен" деген сөздер алып тасталсын.

Мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы баппен белгіленген кепілдіктер қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздік саласындағы, экологиялық қауіпсіздік, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы зандарының өзгерісіне қолданылмайды.";

29) 58-баптың 1-тармағындағы "Лицензия беруге, мерзімін ұзартудан бас тартуға, қолданылуын тоқтата тұруға және оны қайтарып алуға" деген сөздер алып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат, N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат);

9-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы "құбырларды" деген сөзден кейін "және мұнай мен газ бұрғылау жұмыстарын" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Өтпелі және қорытынды ережелер

1. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.
2. 55-баптың 3-1-тармағы 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.
3. Осы Заң күшіне енгізілген кезге дейін берілген жер қойнауын пайдалану жәніндегі барлық лицензиялар, ұзарту кезеңдерін қоса алғанда, мұндай лицензияларды беру кезінде қолданылған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздерінің қолданылу мерзімі өткен кезге дейін өз күшін сақтайды. Жер қойнауын пайдалану жәніндегі лицензияларды тоқтата тұруға, қайтарып алуға, қолданылуын тоқтатуға, сондай-ақ оларды жарамсыз деп тануға қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1999 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығының нормалары осы Заңға сәйкес қабылданған өзгерістер мен толықтырулар ескерілмей қолданыла береді.

Жер қойнауын пайдалану Құқығын алуға арналған инвестициялық бағдарламардың конкурсына қатысуға өтініш беруші берілген Лицензияға сәйкес бұрын Барлау жүргізген жағдайда, мұндай өтініш беруші Барлауға арналған Лицензияның деректерін және, егер өтініш берушіде оны пайдаланудың нәтижелері бар болса, конкурсстық ұсынысында оны көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Кобдалиева Н.М.